



Колледж студенттерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын қалыптастыру

**Арқалық политехникалық колледжінің
«Техникалық қызмет көрсету»
бөлімінің меңгерушісі Муратова Макпал Куанышбайқызы**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті

Елбасымыздың алға қойған мақсатын іске асырудың бірден – бір жолы студенттердің кәсіби білімін жетілдіру сонымен бір қатары олардың мәдениетті де білімді азамат болып шығуына ықпал жасау. «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК осы қағиданы ескере отырып, жұмысшы және орта буын мамандарын даярлауда студенттерге сапалы білім мен қатар салауатты өмір салтына бейімделген, жаны мен дені сау, мәдениетті ұрпақ дайындау заман талабы деп біледі. Бұл мақсатта колледж еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындауға ерекше мән беріп отыр.

Білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылып, өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып

ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табууда. “Құзыреттілік” түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. “Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, “кәсіптілік”, “біліктілік”, “кәсіби мүмкіндіктер” және т.б. түсініктерді біріктіреді.

Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында колледжімізде нақты қадамдар жасалуда: «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы кәсіптік білім беру орталығы ұйымдастыруымен колледж оқытушылары біліктіліктерін арттыру курстарынан өтіп, студенттердің бойында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытында арнайы пәндерді оқытуда CLIL технологиясының элементтерін енгізуде. Болашақ кәсіби маманның – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Осы себептен, колледж әкімшілігінің қолдауымен үйірме жұмыстары ұйымдастырылып, білімалушылар өңірлік WorldSkills байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда, колледжішілік «Мамандығым – мақтанышым!», «Еңбек адамы», «Үздік маман» кәсіптік шеберлік сайыстары т.б. өткізілуде.

Мұндай шараларды ұйымдастыру студенттердің өзін-өзі жетілдіруі мен дамуына, кәсіби құзыреттілігіне негізделген жалпы көрсете алуына мүмкіндік жасайды.